

**"Бағалау қызметі субъектілерінің бағалау туралы есептің мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ережені бекіту туралы" N 2068 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 21 қарашадағы N 172 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 2 желтоқсандағы N 598 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2004 жыл 1 қыркүйектегі N 250, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2004 жыл 10 қыркүйектегі N 349 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 27 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3102. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2011 жылғы 26 тамыздағы № 297 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2011 жылғы 5 қазандағы № 503 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрінің 2011.08.26 № 297 және ҚР Қаржы министрінің 2011.10.05 № 503 бірлескен бұйрығы.**

Бағалау қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру мақсатында бұйырамын:

1. "Бағалау қызметі субъектілерінің бағалау туралы есептің мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі ережені бекіту туралы" N 2068 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 21 қарашадағы N 172 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2002 жылғы 2 желтоқсандағы N 598 (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2003 жылы N 3 771-құжат) бірлескен бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген, Бағалау қызметі субъектілерінің бағалау туралы есептің мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарды қолдануы жөніндегі е р е ж е д е :

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бағалау туралы есепте мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) бағалаушының атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда));
- 2) мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның

- нөмірі мен берілген күні;
- 3) айқындалатын құнның түрі;
- 4) есеп жасау күні және бағалау күні;
- 5) бағалау объектісінің (объектілерінің) атауы және (немесе) орналасқан жері мен сипаттамасы;
- 6) бағалау кезінде пайдаланылатын бағалау тәсілдері мен бағалау әдістері;
- 7) бағалау кезінде пайдаланылатын бағалау стандарттары;
- 8) олардың алу көздері көрсетілген, бағалау кезінде пайдаланылатын нақты деректер;
- 9) есеп негіздемесі;
- 10) бағалау нәтижесі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бағалау туралы есеп тапсырыс берушінің талаптарымен белгіленген не бағалаудың нәтижесіне толықтай немесе бір жақты түсінік беру үшін қажетті өзге де мәліметтерді қамтуы мүмкін.";

8-тармақ алынып тасталсын;

9 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "Толық нысанда жасалған" деген сөздер алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"4) есеп жасау күні.";

мынадай мазмұндағы он екінші абзацпен толықтырылсын:

"4) бағалау кезінде пайдаланылатын бағалау стандарттары және басқа нормативтік құқықтық актілер.";

10 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы бірінші абзацпен толықтырылсын:

"10. Алғашқы парақтан басқа, мүлікті бағалау есептің парақтары нөмірленген , тігілген және орындаушы-бағалаушының қолы қойылған болу керек.";

12-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Әділет министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*Қаржы министрі*